

ОЙЫЛДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТАР ОБЛЫСТЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА

ӨТКЕН АПТАДА ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АСЫЛБЕК ЕСЕНБАЕВ АУДАНДА ЖҰМЫС САПА-РЫМЕН БОЛДЫ. АЛДЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӘЛЕУМЕТ-ТІК НЫСАНДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Асылбек Есенбаев мұндағы облыстық маңызы бар Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Түзтебе автожолының 40 шақырымдық учаскесі мен осы бағыттағы көпірге жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарын қарап шықты.

Сондай-ақ Қаратал елді мекеніндегі ауылшілік жолдарға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының сапасына баға беріп, жаңадан салынған балабақшаның жай-күйін тексерді. Аудан орталығында көктемгі су тасқыны салдарынан

зақымданған кіреберіс көпірді қайта жаңғырту жұмыстарына, мектеп пен балабақша нысандарындағы жұмыс қарқынына да ерекше назар аударылды. Сапар қорытындысы бойынша облыс әкімінің орынбасары мердігер ұйымдарға бар-

лық жобаларды уақытында әрі сапалы аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, жобалардың орындалу барысы жергілікті атқарушы органдардың тұрақты бақылауында болатынын атап өтті.

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ МҮШЕЛЕРІ ОЙЫЛДЫҢ БҮГІНГІ ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ



Өткен аптада Ақтөбе облыстық қоғамдық кеңесінің мүшелері жоспарлы жұмыс іссапарымен Ойыл ауданына келді. Іссапар барысында кеңес мүшелері бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Атап айтқанда, Ойыл кіреберісіндегі көпір құрылысы мен «Асанәлі» бөбекжай-балабақшасының жөндеу жұмыстарының барысын қарады. Сондай-ақ Ойыл

аудандық білім бөлімінде жиын өткізді. Кеңес мүшелері жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарының сапасына және белгіленген мерзімде аяқталуына баса назар аударып, мердігер ұйымдарға нақты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Сапар соңында аудан тұрғындарымен қоғамдық қабылдау ұйымдастырылып, азаматтардан келіп түскен өтініштер мен сұрақтарға жауап берілді.

«АУЫЛ FEST» - БЕРЕКЕЛІ ТІРШІЛІКТІҢ БЕЛЕСІ

«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ – БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ» ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. АЛ АЛТЫН БЕСІК – АУЫЛДЫҢ ЖҮРЕГІ СОҒЫП ТҰРСА, ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ДА ЖАРҚЫН ДЕГЕН СӨЗ. ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ОЙЫЛДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ «АУЫЛ FEST» АТТЫ КЕҢ АУҚЫМДЫ ФЕСТИВАЛЬ ҰЙЫМДАСТЫРЫП, КӨПШІЛІКТІҢ ҰҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ.

Іс-шара Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта өтті. Ел болып еңселеп, ауыл болып абырой арттырған Қаратал жұрты бұл жолы да ұйымшылдық пен қонақжайлықтың үлгісін көрсетті. Кешқұрым ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесімен басталып, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі өңірінің берекелі тіршілігін паш етті. Қолда барын ел игілігіне ұсынған еңбек адамдарының өнімдері көздің жауын алды.

Ал «Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі – тарихы терең, келешегі кемел ауыл» атты бөлімде тарихы тарихы туралы көріністер қойылып, тарихы дайындау процесі көрсетілді.

Тарыдан жасалған тағамдардың көрмесі, ауылдан түлеп ұшқан белгілі тұлғалар туралы таныстыру шаралары көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды. Тарихы бай ауылдың өткені мен бүгінгі осылайша сабақтасты. Спорттық ойындар да көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Арқан тарту, ләң-

гі тебу ойыны сынды ұлттық ойындарымыз жастардың жігерін жанып, көрерменнің делебесін қоздырды. Фестивальдің ресми ашылу салтанатында ауыл әкімі Әділбек Ізбасов сөз сөйлеп, ауылдың жетістіктеріне тоқталса, ардагерлер мен қадірлі қонақтар құттықтау тілектерін арнап, белсенді азаматтарға алғыс хаттар мен марапаттар табысталды. Қонақтарға ыстық палау мен дестүрлі бауырсақ ұсынылып, ұлттық дәмдер арқылы да ауылдың дарқан пейілі сезілді.

Кештің шырайын ашқан — жастардың ән-шашуы. «Қаратал — ауылым мақтанышым» атты концерттік бағдарламада жалынды жас өнерпаздар ән айтып, би билеп, ауыл рухын аспандатты. Қорыта айтқанда, Қараталдағы «Ауыл FEST» — бұл бір күндік мереке ғана емес, ауылдың бірлігін, рухын, тарихын, мәдениетін танытқан тағылымды шара болды. «Ауыл — алтын бесік» деген сөздің шынайы мәні дәл осы күні анық көрінді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСКЕ ЕРІКТІЛЕР ДЕ ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Өткен аптада «Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы» ММ-нің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Атамекен» студенттер отрядтарының жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру мақсатында Ойыл ауданының тұрғындарымен кездесіп, семинар өткізілді.

Семинар барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлар Нұржан Шаңғытбаев пен Еркеболат Тағанов сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сананы қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

мәдениет түсінігі, құрылымы, міндеттері мен функциялары жайында ақпараттар беріліп, жиынға қатысушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Топ мүшелері жиын соңында аудан тұрғындарына құқықтық және проблемалық мәселелері бойынша азаматтарға арналған қоғамдық қабылдау жүргізіп, сауалдарына жауап берді. Сондай-ақ, ауданға жасаған жұмыс сапары аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлар Ойыл ауданындағы құрылыс жұмыстары ұзаққа созылған, сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс негізінде салынған көпқабатты тұрғын үй кешендеріне және көше аралық жолдардың жөндеу жұмысына мониторинг жүргізді.

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ - МАҢЫЗДЫ ШАРА

Қазақстан Республикасы бойынша ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызынан басталады. 2025 жылғы 1 тамыз - 20 қазан аралығында Қазақстанда екінші Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Бұл маңызды стратегиялық іс-шара БҰҰ азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының ұсынысымен әр он жылда 1 рет өткізіледі. Санақ бүкіл елді қамтуы тиіс. Алғашқы санақ 2006-2007 жылдары жүргізілген. Санақтың мақсаты ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы шаруашылықтардың құрылымы, техниканың саны, жануарлар, егіс алқаптары және басқа ресурстар туралы толық және өзекті ақпарат алу. Бұл деректер мемлекетке тиімді аграрлық саясат әзірлеуге, фермерлерді қолдауға және сапалы дамытуға көмектеседі. Санақ екі кезеңде жүргізіледі. 1-31 тамыз – онлайн кезең. Барлық ауыл шаруашылығы өндірушілері sanaq.gov.kz сайтында сауалнамадан өз бетінше өте алады. Бұл жылдам, ыңғайлы әрі қауіпсіз. 20 қыркүйек – 20 қазан – офлайн кезең. Онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарын интервьюерлер планшеттерді пайдалана отырып, үй-үйге барып санақ алады. Санаққа есімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!
Сельское хозяйство – богатство страны! Внеси вклад, участвуй в переписи!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз

sanaq.gov.kz сайтында санаққа
онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан

Үй шаруашылықтарында
интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа

Участие в переписи онлайн на
сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября

Проведение опроса домашних хозяйств
интервьюерами



1446

www.sanaq.gov.kz

КЕЛЕШЕКТЕ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР БОЛА МА?



Кейінгі жылдары әлем елдерінде жиі көтерілетін тақырып – зейнет жасы, қашан да талас пен тартысқа толы, кейде қоғамның дүмпуіне түрткі болатын мәселе. Мәселен, көрі құрлықтағы Дания бірінші болып зейнетке шығу кезеңін 70 жасқа көтеру бастамасын қолдады. Көп ұзамай басқа да дамыған елдер осыған ұқсас тақырыптарды талқыға шығара бастауы ықтимал. «Болашақта зейнетақы жүйесі жоғалады» деген болжамдар да жоқ емес. Ал оның салдары қандай болуы мүмкін, бұл бастамаларға не итермеледі? Kazinform агенттігінің аналитикалық шолушысы тақырыптың демографиялық һәм экономикалық жақтарына үңілді. Қазақстандықтар бейнеттің зейнетін 12-14 жыл көреді. Әлем халықтарының қартайып бара жатқаны анық. Дегенмен бұның өзі екіұшты мағына береді. Біріншіден, көрілік – өмірдің соңына жақындау, яғни жастардың азаюы. Екінші жағынан қарасаңыз, жаһан жұртшылығы бұрынғыға қарағанда ұзағырақ өмір сүре бастады. Мәселен, Жапония, Швейцария секілді елдердің халқы орта есеппен 85 жыл ғұмыр кешсе, АҚШ жұртшылығының әр азаматы 80 жылға жуық жер басады. Қазақстандықтар орта шекте, бір халықтан кем, келесі қоғамнан біршама артық өмір сүреді. Осы тұста бір дүниеде назар аудартқымыз келеді. Кестеде біз ұсынған macrotrends дерегінде Қазақстан халқының орташа өмір сүру жасы 74,1 жыл деп көрсетілген. Дегенмен Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы мәліметін шолсақ, өткен жылдың қорытындысында елдегі орташа өмір сүру жасы 75,4 жылға жеткенін көруге болады. Біз бұл тұста қай дереккөз шын немесе жалған деп жіктемейміз. Өйткені айырмашылық аз, оның үстіне macrotrends те - сенімсіз дереккөз емес. Біріккен Ұлттар Ұйымының, халықаралық бірлестіктердің және әр елдегі ресми биліктің деректеріне жүгініп, сандар түзеді. Енді қарайық, әр елде бейнеттің зейнетін көру жылы да әртүрлі екенін топшылауға болады. Мәселен, жапон халқы шамамен 20 жыл, америкалықтар – 12 жыл, қытайлықтар – 17-22 жыл, қазақстандықтар – 12-14 жыл зейнеттің «рахатын» көре алады. Дегенмен зейнет тек жылдарға емес, зейнетақының мөлшеріне де байланысты екенін ұмытпаған абзал. Ал ол экономикаға қарай әр елде әртүрлі белгіленген.

Мысалы, Еуропалық Одақ елдерінде 200 еуродан (120 мың теңгеден астам) басталып, 2 500 еуроға (1,5 млн теңгеден көп) дейін төлейді. Одақта орташа зейнетақы – 1 300 еуро (800 мың теңгеге жуық). Қытайда жағдай мүлде басқа, 100 юаньды (7,5 мың теңге) қанағат тұтатын ауыл зейнеткерлері де, 6 100 юаньнан (440 мың теңгеден аса) көп алатын бұрынғы мемлекеттік қызметшілер мен оқытушылар да бар. Көрші Ресейде орташа зейне-

тақы мөлшері – 23 448 рубль (150 мың теңгеден астам). Бізде де соған шамалас – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша елдегі 2,5 миллионға жуық қарттың орташа зейнетақысы 143 мың теңгеден асты. 70 жастағы адам еңбек етуге жарай ма? Жалпы, әлем елдерінің басым бөлігінде зейнетке шығу жасы 55-тен басталып, әрісі 67-ге жетеді. Дегенмен Еуропада бұл межені 70-ке көтеру туралы бастамалар іске асуға жақын. Соның бірі – жаңа ай-

исесі атанады. Айтпақшы, зейнет жасын көтеру түгілі тарихта зейнетақы жүйесін мүлде алып тастау туралы бастама көтерген елдер болды. Өткен ғасырдың 80-жылдарында Чили, 2000 жылдарға дейін Ресей мен АҚШ осы мәселемен бір толғанды. Қазір сол көзқарасты құптайтын жекелеген сарапшылар да жетерлік. Айтары қарапайым: «ата-анасын мемлекет емес, бала бағуға тиіс!» Дегенмен мемлекеттерге қоғам көзқарасын ескеруге мәжбүр уақытта оны заң жүзінде әлі ешкім іске асыра қоймас. «Зейнет жасын көтеру өлім-

ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕГІ ОРТАША ӨМІР СҮРУ ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ЖАСЫ			
ДЕРЕККӨЗ: MACROTRENDS.NET	Kazinform	ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ, ЖАС	ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ КЕЗЕҢІ, ЖАС
Жапония	85,2	65	
Швейцария	84,2	65	
Оңтүстік Корея	83,7	62	
АҚШ	79,3	67	
Қытай	77,8	55-60	
Қазақстан	74,1	61-63	
Ресей	73,2	55-60	
Өзбекстан	72,2	55-60	
Орталық Африка Республикасы	54,9	55-60	

тып өткен Дания. The Copenhagen Post жазуынша, жергілікті кәсіподақтар қазір 69 жаста адамдардың дұрыс жұмыс істей алатынына күмәнданып отыр. Соған қарамастан билік зейнеткерлік жасын бірнеше кезеңмен көтеруге кірісті. Осылайша зейнет жасын 70-ке көтерген Еуропадағы алғашқы ел атанбақ. 2006 жылы Дания зейнеткерлік жасты елдегі орташа өмір сүру ұзақтығына байланыстырған болатын. Енді соған сай әрбір 5 жыл сайын елдегі зейнеткерлік жас қайта қаралып отырады. Бұған дейін Данияда халық 67 жаста зейнеткер атанатын. Бұл елде зейнетақы көлемінің ең төмені 1 800 еуродан басталады. Қарттары кез келген дүниедең тартықпай, еркін өмір сүре алады. Жаңа заң бойынша зейнеткерлік жасы кезең-кезеңмен өсіріледі: 2030 жылдан бастап – 68 жаста, 2035 жылдан бастап – 69, 2040 жылдан бастап – 70 жаста бейнеттің зейнетін көрмек. Демек, 1971 жылдан кейін туғандар 70 жасын күтпек. Өйтсе де реформа оппозиция тарапынан сын туғызғанымен, қоғам аса дүр сілкінбеді. Өйткені әлемдегі ең әлеуметтік бағдарланған мемлекет ретінде Дания кедей және осал топтарды жақсы қолдайды. Жұмыс өтілі аз азаматтарға, тіпті күнкөріс шегі көлемінде жалақы алғандарға өтілін жақсартуға септеседі. Егер қандай да бір адам 60 жастан кейін еңбек етуге қабілетсіз болса, толығымен мемлекеттің қамқорлығына алынып, 2 мың еуроға дейін жәрдемақы

жітімді көбейтуі мүмкін» Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымының тұжырымына салсақ, елде 65 жастан асқандардың үлесі халықтың 7 пайызынан асса – халықтың қартаюу процесі тым артқан болып есептеледі. Дегенмен демограф Шынар Пазылбекқызы бұл тұжырым қазір маңызын жоғалтқанын айтады, тек өткен ғасырда өзекті болған. Себебі ол уақытта көптеген халықтың қарттардың үлесі 7 пайыздың шамасында тұрды. – Қазір әлемде ең қартайған елдердің көшбасшыда Жапония тұр. 2023 жылы мұнда 65 жастан асқандардың үлесі халықтың 29 пайызына жеткен еді. Одан кейін көрі құрлықтағы Португалия, Италияда 25 пайызға жақындап қалды. Қарап отырсаңыз жаңа айтқан 7 пайыздан әлдеқайда алшақтық бар. Сондықтан келешекте халықты қартайған санау үшін 65 жастан асқандардың үлесін 20 пайыз деп белгілеу бойынша пайымдар айтылып жатыр, – дейді маман. Сарапшының сөзінше, Қазақстанның өзінде 65 жастан асқандардың үлесі қазір 9 пайыз төңірегінде. БҰҰ-ның өзгермей тұрған тұжырымына салсақ, біз де қартайған елдердің қатарына қосылып тұрмыз. Дегенмен бір анық дүние – келешекте Қазақстанда да, әлемде де қартаюу процесі күшейе береді. Ең әуелі бұған халықтың өмір сүру жасының ұзаруы әсер етеді. Медицинаның дамуы, білімнің артуы, денсаулығын күтуге деген көзқарастардың өзгеруі, салауатты өмір салты – халықтың

өмір сүру ұзақтығын арттырды. – Қазақстан үшін әлі де өзекті болмауы мүмкін, дегенмен дамыған елдерде туу көрсеткіші тым төмен, тіпті 1 әйелге шаққанда 2 балаға да жетпейді, кейбірінде 1 баладан да келмейтін нәтижелер шықты. Ал демографияда халықтың өнімділігі тұрғысынан әр әйелде 2 баладан кем болмауы керек, – деді Шынар Пазылбекқызы. Демографтың айтуынша, қартаюу процесінің үдей беруі әлемде еңбекке жарамды адамдардың азаюына соқтырады. Бұл жерде көбі назар аударма бермейтін демографиялық жүктеме бар. Мысал ретінде, еңбекке жарамды 1 000 адамға 14 жасқа дейінгі қанша бала мен 65 жастан асқан қанша қарт келеді деп есептеледі. Себебі балалар мен қарттар еңбек адамдарына «кіріптар» ретінде саналады. – Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде 1 000 еңбекке жарамды адамға шаққанда қарттар мен балаларды қоссаңыз да 500-600 шегінен аспайды. Өсіресе бізде Шығыс Қазақстан облысының ахуалы еуропалықтарға ұқсас. Бұл өңірде 65 жастан асқандардың үлесі 18 пайызға жетті. Жалпы Қазақстанға ортақ көрсеткіштен 2 есе жоғары. Алдағы уақытта да деңгейі көтеріле беретіні анық. Демографиялық саясатта осы арқылы өңіраралық ерекшеліктерге мән беру керек екенін түсінеміз, – деп қосты сарапшы. Осы тұста Шынар Пазылбекқызы Қазақстандағы тағы бір ерекшелікті атады. Дамыған елдерде қартаюу процесі туу көрсеткішінің баяулауымен түсіндірілсе, Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарында бұл туу көрсеткішінің төмендеуімен қоса миграциялық көші-қонмен де байланысты. Жастар басқа елге немесе үлкен мегаполистерге көшіп кетеді де, көрі адамдар қалып қоя береді. – Ал зейнет жасын көтерудің бірнеше себебі бар. Кей елдер зейнет жасында да еңбек етуге мүмкіндік беріп жатса, басқа компаниялар зейнет жасына жеткен қызметкерлерінің өзін жібергісі келмей жатады. Неге? Себебі қартаюу процесі тым жеделдеген елдердің еңбек нарығына жастар жетіспейді. Бюджет кірістерінің өзі еңбек нарығындағы адамдардың жеткілікті болуына, салық төлеушілердің мол болуына байланысты. Ал балалар мен қарттар зейнетақы, жәрдемақы арқылы бюджетке шығын алып келеді. Сон-

Физиологиялық жағынан әйелдердің еңбекке төзімділігі аз екені алға тартылады. Әйтсе де зейнет жасын ауыл халқы мен қала халқына түрлі етіп белгілеу керекін де айтушылар бар. – Бұған келіспеймін. Болашақта Қазақстанда зейнет жасы мәселе ретінде көтерілсе, мен адамдардың жұмыс істейтін саласына байланысты жіктеуге болады дер едім. Өнеркәсіп, өндіріс аймақтарында, зауыт немесе фабрикада, яғни зиянды жерлерде іс қылатындар үшін зейнет жасын төмендетуге болады. Біз үш негізгі демографиялық процесті атаймыз: туу, көші-қон, өлім-жітім. Ал зейнет жасын көтере беру өлім-жітім процесін көбейтуі мүмкін. Адамдардың еңбек етіп жатқан саласына қарамастан оларды міндеттеу арқылы межені көтере беру – денсаулығына, өмір сапасына зиян тигізеді. Өрине, бұл – менің маман ретіндегі жеке болжамым, – деп қорытындылады демограф. Мәселенің экономикалық салдары бар 2025 жылдың маусымында Қазақстанның зейнетақы қорындағы актив 22,9 трлн. теңгеге жеткен. Кейінгі 10 жылдық аралықта қордағы қаржы 5 есеге астам өсіпті. Жинаққа еңбек етуші халық табысынан жырып, тұрақты қаражат аударып отыр. Қордағы қаржы төңемген ғана емес, шетел валютасында, шетелдік облигациялар мен құнды қағаз түрінде де әртараптандырылып сақталған. Дегенмен әлем халықтарымен қатар, қазақстандықтардың да қартаюу процесі келешекте үдей беретіні анық. Сондықтан дамыған елдердегі секілді зейнет жасын көтеру, жүйені осы секілді бастамалар алдағы уақытта жиі талқылана бастайтындай. Экономист Андрей Чеботаревтың айтуынша, кез келген мемлекет зейнетақы төлемдеріне кететін шығындар мен бюджет кірістері арасындағы тепе-теңдікті сақтауы керек. – Егер егде жастағы адамдар көбейіп, жұмыс істейтіндер азайса – еңбек етушілерден алынатын салықты көбейту керек болады. Бұндай кезде зейнетақыны қысқарту, зейнет жасын көтеру мәселесі де қозғалады. Осылардың ішінде соңғы нұсқа – зейнет жасын көтеру таңдалады. Бюджет тұрғысынан ауыртпалығы аз жол – осы. Бірақ оның әлеуметтік-саяси мәселе екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан бұндай шешім қоғаммен диалогті талап етеді, – дейді сарапшы. Экономист халықтың қартаюу елдің өмір сүру деңгейіне тікелей әсер ететінін айтады. Бюджеттен әлеуметтік төлем алатындар еселене береді. Ал еңбек етіп жатқандарға

салмақ артады. Өйткені табыстың көп бөлігі тұтыну мен инвестицияларға емес, зейнетақы жүйесін қамтамасыз етуге жұмсалады. Салдарынан халықтың сатып алу қарқыны бәсеңдейді. Жалпы экономика да әлсіреуі мүмкін, себебі қарттар ұзақ мерзімге арналған тауарларды ала бермейді, қаржылық тәуекелге бейім емес, инвестицияны аз жасайды.

– Болашақта елдер зейнетақы моделінен мүлде бас тартуы мүмкін бе? Осы сценарий талқыланып жүр. Әсіресе, технологиялардың дамуы мен еңбек нарығының өзгеруіне байланысты жиі айтылады. Бірақ қартайған адамды әлеуметтік қорғаудан мүлде шектеп тастау мүмкін емес шығар. Ол әлеуметтік тұрғыдан дүмпу тудыруы мүмкін. Сондықтан зейнетақы жүйесі түбегейлі өзгеріп жатса да, егде жастағы адамдарды ұжымдық түрде қамтамасыз етудің қандай да бір формасы бәрібір сақталады, – деп топшылады Андрей Чеботарев. Айтпақшы, 2021 жылдан бастап еліміздің зейнетақы жүйесінде «жеткілікті шек» деген түсінік пайда болды. Егер бір адамның зейнетақы жинағындағы ақша жеткілікті шектен асып тұрса, артылған ақшасын баспана алуға немесе емге жұмсай алатын тетіктер шықты. Сол кезде жұрт жапатармағай артылған ақшасын шешудің жолдарын тапты, тіпті «ем алуға» деген мақсатты көрсетіп, жеке медициналық орталықтар арқылы алаяқтыққа барғандар кездесті. Қазір 30 жастағы адамның «жеткілікті шегі» – 4,58 млн теңге. Мысалы, жинағында 6 млн теңге жатқан болса, 1,5 млн теңгеге жуық қаржысын белгілі бір мақсаттарға жұмсай алады. Алайда билік көзқарасы да, көптеген сарапшы да осы тетікті мүлде жою керекін аңғартып келеді. Әсіресе, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тарапынан жиі айтылады. Өзірге нақтысы беймәлім, әйтсе де жақын аралықта «жеткілікті шек» тетігі түбегейлі алынып тасталуы мүмкін. Жас буын ортақ зейнетақыдан қағылады Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі 1998 жылы ғана құрылды. Осы қорға жұмыс істейтін әр азамат табысының 10 пайызын аударып отырады. Қазір елімізде қарттарға төленіп жатқан зейнетақы үш бөліктен тұрады. Біріншісі - базалық зейнетақы. Барлық ел азаматтарына зейнеткерлік жасқа толған кезде есептеледі. 2025 жылы базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері – 32 360 теңге, ең жоғары мөлшері – 50 851 теңге болды. Екіншісі - ортақ зейнетақы. 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде 6 ай еңбек етіп үлгерген азаматтарға ғана төленеді. Еңбек өтілі мен орташа айлық табысқа байланысты мөлшері бекітілген. 2025 жылы ең төменгі ортақ зейнетақы 62 771 теңгеге жетті. Еңбек өтілін 1998 жылдан кейін бастағандар болашақта дәл осы ортақ зейнетақыдан қағылады. Қазіргі жас – келешектегі қарт тек базалық зейнетақы мен өзі қорға жинақтаған қаржыдан үлесін алады. Шамамен ортақ зейнетақы 2040 жылдардың басында толық жойылады. Ал үшіншісі - жинақтаушы зейнетақы, яғни 1998 жылы құрылған жинақтаушы зейнетақы қорына аударған қаражатына байланысты есептеледі. Кім көбірек жинаса, жақсы зейнетақы алуына мүмкіндік бар. Айтпақшы, айтылғандардан бөлек міндетті кәсіби жарна деген де бар. Ауыр, зиянды жерде еңбек етушілер үшін табысының 5 пайызы мөлшерінде қосымша жарна ретінде аударылады. Ал азаматтар бейнетінің зейнетін мол көргісі келсе, ерікті жарна аударуына болады. 10 пайыздық межеден асырып, жинаққа қалағанынша аударған адам келешекте көбірек зейнетақы алады.

Мадияр ТӨЛЕУОВ
kaz.inform.kz

АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

1 Сол күні таң қылаң бере қалаға жеттім. Жарты тәуліктен аса жығылған уақытты кейінге қалдырып, Алматы қаласының автобекетіне жамбастай келіп тоқтаған ескі «Икарустің» есігі ашылған бетте бір топ жолаушы сыртқа ақтарылдық. Алдымен есінеп, аз-кем ес жиып, сірескен бойымызды жазып, тұруға ыңғайланғанымызда, ақ құйрық темекісін өзүіне ілген жүнді бас жүргізуші: «Қараңдар, іште қоқыр-соқырларың қалып қоймасын», – деп бұйырған. Өзгенің дүниесіне өгіз көзденіп қарайтын жұрт өз дүниесін, сіре, ұмытсын ба, бояуы оңған бір кездегі бозым көліктің бауырына тыққан заттарын таласа-тарамаса алып жатты. Мендегі бар мүкәм-мал дүние – бас-аяғы теңшеп бұылған қоңыр чехмодан еді, соның құлақ бауынан ұстап, шеттей бердім. Осылай жылыстап, автобекетке еніп кетсем екен деп асығам. Қорғаным – автобекет сияқты, автобекетте жанашырым, қамқорым күйіп тұрған сияқты. Қайткенде қоғамдық орын ғой: ол жерде тәртіп сақшылары жүруі мүмкін, оның үстіне бекет сарайы – вокзал дегеніміз – көпшілік көзі: біреуді біреуге қарадай басындыра қоймас. Әйтеуір, әлгі пөлекеттен құтылсам болды деймін күбірлеп. Құдай-ай, құтыла алам ба екем?.. Түрі жаман көгірдің. Ұсқыны осы қаланың содыр-сойқандарына ұқсайды. Қап, жайыма қарап отырмай ілінісіп нем бар десеңші сол қорқаумен? Сұмырай неме құлақ түбімнен ысылдап: «Сенің әуселенді қалаға барған соң көремің», – деген, көрсететін шығар енді көресімді.

Бала кезімнен жұдырық жұмсалып, білек күші белсеніп шыға келетін жерден аулақ жүретінімін. Әйтсе де, әлім-жеттік жасауды ғана білетін әлділерден әділдік талап еткіш-ақпын. Кеше түнде тағы да сөйтіп ұрынғаным... Аудан орталығынан қалаға қатынайтын автобусқа жөргектегі баласын құшақтап, жас келіншек кірген. Киімі жұқа, өңі жүдеу. Сілтімен сұрткендей сүреңсіз, ақ сұр жүзінен шет-шегі жоқ уайымның көлеңкесі аңғарылады. Бейшараға орын жыртық терезенің тұсынан тиіпті. Автобус ауылдан ұзап, күре жолға түскенде, терезенің сынған көзінен суық жел саулап қоя берді. Келіншек әлдіін кеудесіне басып, көнетоз күртешесімен қамсаулап баққан. Қасында, қапталдағы орындықта, үйелер дәу сары жігіт жатты. Әйелді терезе жаққа өткізе салып қорылға басқан нәйістің нұсқасы әуелден-ақ көпке ұнамағанды. Оның ендігі қабан қорылы бәрімізді қорлағандай болған. Жолаушылардың дені жұпыны жандар екен, сасан сарыға жуымай, жуас қана отыр. Қайсыбірі қалғып, иен ұйқыға иек артып, бейқам күйге бетбұрғансыды. Ал, әйел байқудан әбден береке қашқан еді. Түн қойнауынан суырылған суық жел үсірік атқып, жыртық терезеден үдей соққанда, қыңқылдап барып оянып алған сәби шырқырап жылады. Бірақ былқылдаған былғары курткаға батқан семіз сары септ еткен жоқ. Сол кезде әйел: «Бауырым, біз тондық, орын ауыстырсақ қайтеді?» – деп өтінді. Сары сарыұлықтан шықпады. Әйел оны елтеп түртіп көрді. «Бауырым...аға...інім...орын ауыстырсақ қайтеді?». Сөйткенде жалпақ сары оянды, оянды

да келіншекті келістіріп тұрып боқтады: «Шешеңнің жатырын жарайын, сен, қатын, мазаны алма. Бүйтіп бүрі тигендей бүріседі екенсің, жолға неге шығасың?!».

Бұдан артыққа төзу мүмкін емес еді, жанымдағы жолаушымен сөйлестім де, келіншекке: «Міне, сіз мына кісінің орнына жайғасыңыз, ол кісі келісті, сіздің орныңызға мен отырайын», – дедім. «Сіздің де орныңыз терезенің тұсы екен, жел кірмей ме?» – деп сұрады келіншек. «Жоқ, – дедім мен сөзімді нақтылап, – мына кісі ары жылжиды, сіз бергі, ықтағы орынға отырасыз, мен сіздің орныңызға барамын». «Рахмет, – деді келіншек, – рахмет, айналайын. Құдай бар екен ғой!».

Мен келіншектің орнына тізе бүккен бетім – ерте көктемнің етегіне жабысып, қыр асып кете қоймаған қыстың ызғары қойын-қонышымды тіптіп өтті. Әйтсе де, ерке атым бар емес пе, сыр алдырмауға тырысып, шекесіне «Ziener» деп жазу жапсырған спорттық бас киімін миығына кептеген көршіме жақтырмай көз тастағам. Ол миығына зымиян күлкі үйірді.

Жер танабын жентектеп, артқа тастаған автобуспен жарысып, алқаракөк аспанда Ай жүгіріп келеді. «Ай – Жердің баласы шығар, – деп қиялдайтынмын кішірек кезімде, – Жердің аппақ, адал баласы ол. Түнде Ай Жер-Анасын жөтелеп жүреді».

Тәңіртауларының тізбектелген көруеніне көз тастап отырып, әрнені ойлаған боламын. Ойларымды терезенің жыртығынан жүгірген жел ала қашып, түте-түтесін шығаруда. Суық жел өкпемнен өтіп, өне бойымды қақпандай қауып, қарып барады. Алматыдан аудан орталығына айына бір рет қана соғатын автобустың иесіне «терезенді бүтінде» деп талап қоюдың мүмкін еместігін біз жақсы білеміз, сондықтан барға – қанағат, жоққа жүйрік жетпейдімен жүрген жайымыз бар: орын табылып отырғанымызға шүкір. Ендігісін өзіміз амалдауға тиіспіз. Үстімнен қаудырлақ қара сулығымды сыпырып алдым да, терезенің жыртығына тығындадым. Үіл үзіліп, жел тынғандай болды. – Ал плащыңды! – Қалың ұйқыға көмілген дәу сары кенет оянып кетті.

– Суық жел жаман ұрып тұр, – дедім мен, – осылай қалқа жасап, жан бақпасам болар емес.

– Сен «ответ» беруге тиіссің! – Қалай? Не үшін?

– Қалай? – дейсің бе, – солай! Қатынның орнына кеп жалпиған өзіңсің, ендеше отыр қалаға барғанша.

– Мен, міне, отырмын ғой әйелдің орнында.

– Дұрыс отырған жоқсың?

– Түсінбедім. Қалай отыруым керек сонда?

– Плащты ал да менің үстіме жап, ал өзің желге кеудеңді төсеп отыр. Сен джентельменсің ғой! Джентельменсің бе?

– Бұл жерде джентельмендіктен бұрын жанашырлық деген болса керек еді. Балалы әйел, киімі жұқа, обал ғой.

– Обал-мобалды ұрғаным бар, сен сұраққа жауап бер, джентельменсің бе?

– Ал, солай-ақ болсын.

– Сөзіңе жауап бересің бе?

– Жауап беремін. – Автобустың ішінде ірікпеген түннің

қара бояуын қопарып, көршім иығын көтеріп отырды. Мен оның белінде қалдым.

– Если что, есімім Тапан болады. Тапан. Естуің бар ма?

– Жоқ.

– Тапан – пахан. Естіген шығарсың? Сол – менмін. Тоғыз жыл «от звонка до звонка» отырдым. «Қызылдарға» берілген емеспін. Авторитет менде жетеді.

– О, жөн екен! – деппін мен жақын бауырымның жақсы аты естілгендей елпілдеп.

– Ал, сен «қораға кірдің», бала! – «Қора» дегеннің бұзақылардың тілінде қорқынышты сөз екенін білетін едім, ішім қалтырап кетті.

– «Қораға» кіретіндей мен не істедім?

– Сен не істемедің? Біріншіден, сен әлсіздік таныттың. Біздің ортада жан ашу деген болмайды. Жан ашырлық, ол – әлсіздік. Біз әлсіздерді аямаймыз. Екіншіден, сен менің рұқсатымсыз әйелге орынды ұсынып, менің рұқсатымсыз жанымға кеп жайғастың. Бәлкім, мен бұл орында жалғыз отырғым келетін шығар. Түсінесің бе? Жалғыз өзім.

– Олай болса, мен тұрып-ақ кетейін.

– Жоқ, енді отырасың! Ана жыртық терезені жауып отырасың. Мен сенің әуселенді қалаға барған соң көремің!

Ол осы сөздерді құлағымының түбінен ысылдап отырып айтты да, қойнынан өлдебір түйір нәрсені алып, қызыл өңешіне атып ұрды. Сосын маған:

– Түрмеде ішіп үйренген дәрім, мен қазір «кайф» ұстаймын. «Кайфке» кіргенде өзімді өзім білмей қалуым мүмкін. Абайламай сені өлтіріп қойсам, өз обалың өзіңе, – деді. Сөйтті де, қайтадан қор ете түсті. Мен ішімнен иманымды үйірдім.

Бұл менің Алматы дейтін алып шаһарға алғашқы сапарым. Қарасы қалың қара нөпір жұрт қаптаған қаланың қызығы мен шыжығын әредік әркімнен естігенім болмаса, бұрын-соңды көрмеген ортам. Білетінім: Алматыда менің ауылдастарым бар. Анда-мұнда жұмыс істейді. Көбі – алыпсатар. Марқұм анаммен бір-екі ата аралатып барып туысатын нағашым да осында.

Соноу бір жылдары Баян-жүректің бауырында отырғанымызда, үрпек бас баласы мен бетіне ұсақ мең төгілген әдеміше әйелін ертіп, нағашым әпкесін іздеп інілік танытып келген-ді. Сонда шешем әкеме: «Алыстан ат арытып бауырым келді. Бауырымының баласына тай мінгіз», – деді арқаланып. Онысы жөн еді. Әйткені анам әкемің сақилығына салқын қабақ танытып, туған-туысына атаған дүниесінің алдынан шыққан емес. Алдынан шығып қана қоймай, үнемі, «бер, меселін қайтарма, қыжалат қылма, ағайыныңа сен қайырлы болсаң, Алла саған бергеніңді еселеп қайтарады» дейтін. Сондай қолы ашық, иі жұмсақ анам немере бауыры жеткіншегін жетелеп, әйелін ертіп жеткенде, күйеуіне бұйыра сөйлеген болып, неге базына айтпасың? Әкем әдеттегі әзілкештігіне бағып: «Ләппай, – деді, – бұйрығыңызды екі етпей орындаймыз, ханым».

Мұндай мырзалық нағашымның балық көзіне жылт жүгіртер деп ойлағам, бірақ, тақымына тай толмады ма, әлде өзге себебі болды ма – ол қи-

пақ қағып бетіне ұсақ мең төгілген әдеміше әйеліне қарап жұтынып қалды. Осы кезде үзілген үн естілген:

– Жезде-е, сол нені, тайды, то есть, атты сойып, етін Алматыға арқалап арам тер болып жүресіз бе? Оданда ақшасын қолымызға ұстата салсаңыз жөн болар еді! Ат – ауыр, ақша – жеңіл емес пе?..

Жеңгемнің жездесіне – яғни менің әкеме тайдың, тай деппін-ау, тайдан озып табан астында атқа айналып үлгерген жылқының етін Алматыға арқалатып тасытпай амал тауып кеткеніне бәріміз күлдік. Разы боп, риясыз күлдік. Олар боп жұмадай жайлаудың саумал ауасын сіміріп, ажарланып, торланып аттанғанда шешем келінінің сүйретпе сөмкесіне шүберекке түйіліп, түйреуішпен түйрелген тоқпақтай түйіншекті салып беріп еміреніп отырды: «Мембіл-себіл аласыңдар ма, Әдішжан мәшінін жаңалауға жұмсай ма – өздерің білесіңдер, айналайындар».

Анам мейірімді, әкем жомарт жан еді. «Е-е, шырағым! Жақсы адам Жаратқанға да керек» дегенді құлағыма бірінен соң бірі құйып, барсакелместің ауылына екеуі кезектесіп аттанған күннің ертеңінде мен жалғыз қалдым. Сонда мен: «Ата-ана ажалы жеткенше ұрпағын алдап өмір сүреді екен ғой, – деп ойлағанмын. – Алдап өмір сүрмесе, олар қайда кетті? Кеше ғана бар еді, бүгін неге жоқ? Тіпті екеуінің елесі де жоқ қой. Демек, біз бәріміз ғайыпта ұшырасып, ғайыпта ғана тіршілік етеді екенбіз».

Жыртық терезесінен түннің суық желі аңыраған автобустың ішінде отырып түйсігімдегі ғайыпқа сіңіп жоғалғым келеді. Әйтсе де, «қызықтың бәрі сонда шығар-ә?» деп, Алматыны да ойлап қоямын. Нән сарыны тұяқ серппестей сереп еткізіп ұйқының ұйығына батырған әлгі дәрінің кереметтігі де ойымынан үзіліп кетер емес. Ұйықтап қана қоймай, өмірем қатып өле қалса екен деймін ішімнен.

2 Әрі-бері сүйреткен қолдың табы өтіп, бояуы оңа бастаған қоңыр чехмоданның құлақ бауынан қысы ұстап автобекетке қарай дедектей жөнелдім. Жолай бүйірі шыққан қара сүмкесін мықшындай көтеріп келе жатқан қарияға жолығып, оған да жәрдемдесудің орайын таба қойдым. Сондағым: әлгі сұмырай сыртымнан бағып тұрса, «е, мына сүмелек қалаға әкесіне еріп келген екен ғой, жайыма кете берейін» деп, ойласыңа саятын қорғаныштың қарекеті еді. Қорқыныштың құшағындағы әлсіз жанның қысылғанда таппақ аяласы.

Қария тер жайылған бет-жүзі мен мойнын қыртысы әжімделген орамалымен сұртіп тұрып маған сенімсіздеу қарап қояды. Сайтандай сап ете түскен мына пәле қаланың көп «жөлігінің» бірі емес пе екен дегендей қарайды. Мен оны пана тұтып тұрсам, ол менен сөскеніп тұр.

Иә, кейде құлан қоянның құлағынан үркеді.

Қарттың көңіліне кірген алаңды абайладым да, оны жайландырмақ болып былай дедім:

– Ақсақал, қам жеменіз, міне, Алматыға келдіңіз. Айналаңыз толты жақсы адамдар. Алматының халқын қайырымды десең, қария.


(Басы. Жалғасы келесі санда.)

29 шілде 2025 жыл

3

ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ЕНДІ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРНЫНА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАНУҒА ӨТІНІШТІ СМАРТФОН АРҚЫЛЫ БЕРУГЕ БОЛАДЫ. EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ» ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛДЫ.



Бұған дейін бұл қызмет eGov.kz порталында ұсынылатын. Қызмет кемінде бір семестр білім алған әскери оқу орындарының бұрынғы курсанттарына арналған. Өтініш цифрлық форматта қалыптастырылады, ал қажетті деректердің басым бөлігі мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Бұл процесті барынша оңай әрі ыңғайлы етеді. Алайда өтінішті оқудан шығарылған сөттен бастап бір жыл ішінде ғана беруге болатынын ескеру қажет.

ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН:

*eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өту қажет;
*«Қызметтер» – «Әскери есепке алу» бөліміне өту керек;
*«Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметін таңдау қажет;
*оқу орны мен оқудан шығарылған мерзім туралы ақпаратты көрсету;
*жеке деректерді өңдеуге

келісім беру;
*қажетті құжаттарды жүктеу керек;
*ЭЦҚ немесе баламалы тәсілдер арқылы өтінішке қол қою қажет.
Қызмет тегін ұсынылады, көрсету мерзімі – 20 жұмыс күні. Өтінішті қарау нәтижесі «Жеке кабинет тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.
Егер қайта қабылдануға мүмкіндік болмаса, қолданушы дәлелді бас тарту туралы жауап алады.
Айта кету керек, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдану» қызметі eGov.kz порталында да қолжетімді.
Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

АМАНЖАН ӘБДУҰЛЫ ӘБДУОВ



Биылғы 24 шілде күні 82 жасында Ойыл ауданының ауылшаруашылығының майталманы Аманжан Әбдуұлы дүниеден өтті. Ол 1942 жылдың 2 қазаны күні Ақшатау ауыл советінің Төрттоғай әлді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келді. 1949 – 1959 жылдары аралығында Ойыл қазақ орта мектебінде оқыды.

1959 – 1962 жылдары Ашхабад, Бұхара, Самарқанд қалаларында Отан алдындағы борышын өтеді. Әскерлік борышын өтеп келгеннен кейін, 1962 – 1966 жылдары «Темір ауыл шаруашылық техникумында» оқып, мал маманы болып шықты. Алғашқы еңбек жолын 1966 жылы Ойыл ауданының Ойыл совхозында мал дәрігерлік қызметінен бастады. Еңбегін адал атқарып, ел ықыласына бөленіп, марапаттарға ие болды. 1978 жылы 36 жасында Ойыл совхозының №2 ферма Қаракемер ауылында «ферма меңгерушісі (управляющий)» болып тағайындалып, сол қызметті 20 жыл атқарды. Қызметінде адал, еңбекқор, жауапкершілігі мол азамат ретінде аудандық, қалалық, облыстық деңгейде марапаттарға ие болған. 1991 жылы совхоздың ыдырауына байланысты «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инспекторы» лауазымына ауыстырылды. 1993 жылы №2 ферма Қаракемер ауылында мал дәрігері болып тағайындалды. 1973 – 1974 жылдары «Адал еңбегі және кәсіби шеберлігі» медалімен марапатталды. Еліне, жеріне жасаған адал еңбегінін арқасында осы саладан зейнеткерлікке шықты. Жұбайы Рысты екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді. 19 немере және 6 шөбере сүйді. Аманжан Әбдуұлы өңірдің өсіп-өркендеуіне, ауылшаруашылығына жастарды тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты. Қай жұмыста болмасын абыройлы, елге сыйлы, халыққа қамқор бола білді. Өмірлік ұстанымы мығым, болмысы биік, парасатты жанның жарқын бейнесі ізбасар інілері мен үзенгілес еңбек еткен замандастарының жадында мәңгі сақталады. Аманжан Әбдуұлы өмірден озуына байланысты отбасына, балаларына, туума-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

А.Қазыбаев, С.Займопдин, С.Сүлейменов, Н.Тұрғамбеков, М. Айдарбаев, Б. Бактыгереев, К.Қарасаев, Е.Төлеуішов, М.Жайлыбаев, С.Ұлықпанов, Р.Сағынғалиев, С.Қойбағаров.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының акушер-гинекологы, әріптесіміз Жазира Тағанбайқызы Садуақасоваға **күйеу баласының** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 849 Көлемі 1 баспа табак, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ МӘРТЕБЕНІ БІР ЖЫЛҒА ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Егер сіз ресми түрде жұмыс істемесеңіз және МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған болсаңыз, мәртебені бір жылға қалай ала аласыз?

Бұрын жүйеде «сақтандырылған» мәртебесі соңғы 12 айға жарналар толық төленсе ғана берілетін. Осы кезеңде тіпті бір айға жарна төленбесе, қарыз пайда болып, оны өтеуге тура келетін. Ал қазір МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге (05.09.2022 ж.) сәйкес, өткен жылдың қарызын өтемей-ақ, алдағы бір жылға сақтанды-

рылу мәртебесін алуға болады. Ол үшін келесі 12 айға жарналарды алдын ала төлеу қажет. Есіңізде болсын: әр ай үшін 4250 теңгеден жеке-жеке төленуі тиіс. Яғни жарнаны бір жолғы сома ретінде төлеу қате болып саналады, сондықтан мәртебе берілмейді. Сақтандыру мәртебесі сізге дәл осы айда қажет болса, жылдық кезеңді осы айдан бастаңыз. Жарналарды банк кассалары, мобильді қосымшалар, төлем терминалдары және Қазпошта бөлімшелері арқылы төлеуге болады.



КӨПТОҒАЙДАҒЫ ҚАБЫЛДАУ

Өткен аптада Ойыл аудандық ауруханасының бір топ дәрігерлері Көптоғай елді мекеніне барып, жергілікті тұрғындарға жоспарлы медициналық көмек көрсетті. Қабылдау барысында кардиолог, терапевт, педиатр, гинеколог, жалпы тәжірибелік дәрігер

мамандары денсаулық тексерісін жүргізіп, тұрғындарға қажетті кеңестер мен ем-шаралар тағайындады. Шараның басты мақсаты – шалғай елді мекен тұрғындарының сапалы және қолжетімді медициналық қызметке қол жеткізуін қамтамасыз ету.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ ӨЗІНДІК ҚАУІПСІЗДІК ДЕПАРТАМЕНТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер Сізге қатысты қандай да бір қылмыс (бұзақылық, ұрлық, алаяқтық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар) жасалса немесе Сіз заңсыз өрекеттердің, оның ішінде полиция қызметкерлері тарапынан заңсыз өрекеттердің куәгері болсаңыз, онда төмендегі телефон арқылы хабарласуыңызды сұраймыз:

" 102" – полицияның шұғыл шақыруы;
" 1402" – ІІМ сенім телефоны.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЕҢБЕК ЖӘРМӨҢКЕСІ МҮМКІНДІКТЕР ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТТАР МЕН АЗАМАТШАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ШАҒЫН БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӨРМӨҢКЕСІ ӨТКІЗІЛДІ.



Жәрмөңкеге аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы Айнұр Айдашева қатысып, жұмыс іздеушілерге жаңа конкурстық іріктеу нәтижесімен мемлекеттік қызметке кіру талаптары туралы, тәстілеу бағдарламаларына қатысты түсіндірме жұ-

мыстарын жүргізді. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарын мемлекеттік тапсырыс негізінде аяқтап, үлгерім нәтижесі GPA 3,33 төмен емес болған жағдайда мелекеттік қызметтің төменгі лауазымына конкурстық іріктеусіз орналасу мүмкіндіктері туралы айтып өтті.

КӘСІПОДАҚТЫҢ КЕЗЕКТІ СЫҰЫ - БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ



Ұстаздардың еңбегі өлшеусіз. Ал олардың тынығуы мен денсаулығын нығайту – маңызды міндет. Осы орайда Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы жылдағы үрдіс бойынша өз мүшелеріне арнап биылғы жаз мезгілінде сапалы және шипалы демалыс ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді. Кәсіподақ қолдауымен білім саласының қызметкерлері еліміздегі белгілі шипажайларға барып, денсаулықтарын нығайтып қайтты. Атап айтқанда, кәсіподақ мүшелері «Манкент», «Мерке», «Ердеулет», «Айсары», «Шипагер» және «Сосновый бор» шипажайларында демалды. Шипажайлардың емдік шаралары мен қолайлы ауа райы ұстаздардың денсаулығын жақсартып, рухани демалып, күш-қуат жинауына себеп болды. Білім қызметкерлерінің бір

бөлігі еліміздің рухани және табиғи бай өңірлерінің бірі Бұрабайға тарихи-танымдық саяхат жасады. Табиғатпен үндескен демалыс саяхатшылардың сергектігі мен күш-қуатын арттырды. Кәсіподақ ұйымы демалыс шараларын мұнымен шектемей, алдағы уақытта тағы бір топ білім қызметкері үшін өңіріміздегі «Юкон»емдеу-сауықтыру орталығында демалыс ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Бұл орталықта қазіргі заманғы емдеу және сауықтыру қызметтері қарастырылған. Мұндай қолдау шаралары білім қызметкерлеріне деген шынайы қамқорлықтың айғағы. Кәсіподақ мүшелерінің демалысын ұйымдастыру арқылы ұйым олардың еңбекке деген құлшынысын арттырып, жаңа оқу жылына тың серпінмен оралуына себеп болады деп ойлаймыз.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ

ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ!

«Шын жүйрік тағасыз, Шын асыл бағасыз!» (халық даналығы)

...Тоқсан екі жыл тынбай соққан жүрек 93-ке сәл қалғанда тоқтап қалды. Былай қарағанда аз уақыт емес... Бір дәуірдің үш кезеңін басына өткерген, өмірінің соңына дейін отбасының берекесі, ақылшысы болып ғұмыр кешкеніне халқы куә! Замандастары, ағайыны, бауыр-туысы, ұлықтап өткен жанның алдынан қанша шәкірт өтті, қанша тер төкті. Бірнеше буын үшін еңбегі ұшан-теңіз. Небір азаматтар белгілі орындарда абыроймен еңбек етіп жүрді. Өлі де соңғылары жалғасуда. Үш ағайын бір шаңырақтың астында, бір шарбақтың аясында өсті, өркендеді, ұрпақ өрбітті. Ұлы аталарының атына сын келтірмеді. Оқыған, берекелі отбасының ұйытқысы, ел сыйлаған ұстаздардың ұстазы деп бағалаған Қазақстанның оқу ісінің үздігі – Рухан апай өмірден озды. Неше дүркін мектеп бітіргендеріне 50-60 жыл деп кездескен шәкірттері қаншама? Өмірден өту кезіне де осындай кездесу сәйкес келген екен. 1965 жылы класс жетекшісі болып мектептен өзі шығарған түлектерінің туған жерге сапары апайдың қазасымен тұспа-тұс келді. Сондықтан, бәрі жиылып апайдың қазасына көңіл айтты, отбасының қайғысын бөлісті. Елден шет жүргендері Ойылға келсе, алдымен Рухан апайға сәлем береді. Шәкірт жүрегіне өз баласындай сүспеншілікпен, мейіріммен қарап, орын қалдыра білген ұстаз. «Асыл бейнең мәңгілік кетер үлгі, Сен үйреттің сүюді мекенімді. Қырға шықсам даладан ең алдымен Сізге арнап үземін жеке гүлді» Сіңірдіңіз қақ суындай мөлдірлікті, Жаныма құйып менің Нұсқадыңыз арманның биіктерін. Көңіліңізден әр шақта мейір көрсем,


Өзімді адам сезініп, биіктедім! Ұстаз ана ешкімді алаламады. Көргенде құшағына алды. Өзімнің өмір жолыма осы жанның ықпалымен соқпақ салдым. Абыройсыз болмадым, еңбегіне қаяу түсірмедім. Талай жиында, атымызда мақтанышпен атағанына риза болдым. Ақжарық ағамызды апайдан бөле алмаймын. Оларды ешкім де айырмайды. Екеуі бір тұлға, бір эталон. Қазақстанға белгілі мұғалімдер династиясы. Олар ұрпақ жүрегіне ұзақ сақталады. Мен де өзім кейін ұстаздарыммен иық тіресіп, қатар еңбек еттім. Өмірге құштарлық, отбасының амандығын тілеген жүрегі осы жасқа жеткізді. Жоқшылық көрмесе де, тағдырдың қасіреті қинады. Ер жетіп, қызығын көрер кезінде ұл мен қыздан айырылу, қосағының да ауыр дертпен алысып, ұзақ жатып о дүниелік болуы, ол аздай аһар-шаһарлы екі ұлдың да науқастанып, өмірден өтуі қажытпай қоймады. Қанша шыдады, көтерді, төзді. Қос қарлығашы Айжан мен Шолпаны үлкен демеу болды. Есейген немерелерінің қамқорлығы, қолындағы жиендерінің де күтімі де зор еді. Мирас пен Алтынайдың еңбектері де көп сінді. Ағайын-туыстың алғысы да, жаныашырлығы да сеп болғанына қарамастан, асыл жүрек үлкен жүкке шыдамаса керек. «Ұл өсірдің жанының аты жалын, Аяладың үкілеп тотыларын, Сол асыл қасиетіңмен кете бардың Торқа болсын жамылған топырағың!» - деп туыстық, шәкірттік көңілмен артында қалған ұрпақтарына, туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Ошағынның отын Айжаның сөндірмейді. Жиендерің де атыңа сын келтірмейді! Жаныңыз жәннатта болсын, пейіште нурыңыз шалқысын, әруағыңызбен жебей жатыңыз!

Жөкен ҮСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

ВИРУСТТЫҚ ГЕПАТИТТЕР ҚАЛАЙ ЖҰҒАДЫ?

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТ - БАУЫРДЫҢ КЕҢ ТАРАЛҒАН ЖӘНЕ ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЫ. ВИРУСТЫ ГЕПАТИТТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРЛЕРІНІҢ ІШІНДЕ А ГЕПАТИТІ ЕҢ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. ЖҰҚТЫРҒАН СӨТТЕН БАСТАП АУРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ ПАЙДА БОЛҒАНҒА ДЕЙІН 7 КҮННЕН 50 КҮНГЕ ДЕЙІН СОЗЫЛАДЫ.

Көбінесе аурудың басталуы температураның жоғарылауымен бірге жүреді және тұмауға ұқсас болуы мүмкін. В гепатиті вирусы жыныстық жолмен, нашарқорлардан стерильді емес шприцтермен инъекция арқылы, анасынан ұрыққа беріледі. Ауру қызба, әлсіздік, буындардағы ауырыну, жүрек айнуы және құсумен басталады. Кейде бөртпе пайда болады. Бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ зәрдің қараюы және нәжістің түсі өзгеруі мүмкін. С гепатиті – вирустық гепатиттің ең ауыр түрі, оны трансфузиядан кейінгі гепатит деп те атайды. Бұл олардың қан құйғаннан кейін ауырғанын білдіреді. Себебі, донорлық қанды С гепатиті вирусына тексеру, бірнеше жыл бұрын ғана басталған. Көбінесе инфекция есірткіге тәуелді адамдарда шприцтер арқылы жүреді. Анадан ұрыққа жыныстық жолмен берілу де мүмкін. Ең үлкен қауіп - бұл аурудың созылмалы түрі, ол жиі циррозға және бауыр ісігіне айналады. Созылмалы ағым пациенттердің шамамен 70-80% - ында дамиды. С гепатитін вирустық гепатиттің басқа түрлерімен біріктіру ауруды күрт нашарлатады және өліммен аяқталу қаупін тудырады. Инфекция жолдары Гепатит вирустары адам ағзасына екі негізгі жолмен түседі. Ауру адам вирусты нәжіспен шығара алады, содан кейін ол басқа адамдардың ішектеріне сумен немесе тамақпен енеді. Дәрігерлер инфекцияның бүді механизмін фекальды-оралды деп атайды. Ол А және Е гепатиті вирустарына тән. Сонымен, А және Е гепатиті негізінен жеке бас гигиенасын сақтамау салдарынан, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесінің жетілмегендігі кезінде



пайда болады. Бұл дамымаған елдерде вирустардың ең көп таралуын түсіндіреді. Симптомдары ауру жұқтырған сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейін әртүрлі уақыт өтеді. А гепатитімен 2-4 аптадан, В гепатитімен 2-4 және тіпті 6 айға дейін. Осы кезеңнен кейін вирус ағзада көбейіп, бейімделеді, ауру басталып, өзін білдіреді. Бастапқыда сарғаю басталғанға дейін гепатит тұмауға ұқсайды және дене қызуының көтерілуімен, бас ауруымен, жалпы әлсіздікпен, дененің ауыруымен басталады, мысалы, А гепатиті В және С гепатиттерінен, әдетте, бірте-бірте басталады, температурға күрт көтерілмейді. Сонымен, В гепатиті вирусы аздап температура, буындардағы ауырсыну, кейде бөртпе түрінде көрінеді. Әдетте, сарғаю пайда болғаннан кейін науқастардың жағдайы жақсарады. Бірақ, С гепатиті кезінде және маскүнемдер мен есірткіге тәуелді адамдарда, ағзаның интоксикациясына байланысты бұл симптомдар болмайды.

Қалған науқастарда бірте-бірте, бірнеше апта ішінде симптомдардың кері дамуы байқалады. Вирусты гепатиттің жедел түрлері осылай өтеді. Өзіңізде гепатит инфекциясынан қорғау үшін қарапайым ережелерді сақтау керек. Қайнамаған суды пайдаланбаңыз, әрқашан жемістер мен көкөністерді жуыңыз, тағамды термиялық жөндеуді өлеменіз. Бұл гепатит А инфекциясының алдын алуға көмектеседі. Жалпы алғанда, басқа адамдардың дене сұйықтықтарымен байланыста болудан аулақ болу керек, В және С гепатиттерінен қорғау үшін - ең алдымен қанмен. Микроскопиялық мөлшерде қан ұстараларда, тіс щеткаларында, тырнақ қайшысында қалуы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөліспеніз. Сіз стерильді емес құтылғылармен пирсинг пен татуировканы жасауға болмайды. Жыныстық қатынас кезінде сақтық шараларын сақтау керек.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІ

Біз жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік қабілеттерімізді дамыту, жетістіктерімізді саралау. Бұл жолда түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдарда, атқарылып жатқан жұмыстарда баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін таппаған жоқ. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсасмайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатып, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен парменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Бұл бағытта мемлекеттік крістер басқармасында салық төлеушілер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау тақырыптарына семинар – кеңестер өткізіліп, жемқорлықтың келеңсіз жағдайларға жеткізетінін насихаттайтын видеороликтер көрсетіліп отырады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ